

7-ші сабақ
БАЛАҒА ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ
БАЛАМАЛАРЫН ҚАЛАЙ ҮЙРЕТУ
КЕРЕК?

Маман нұсқаулығы 7

***Баланы
дамытуды
үйренеміз***

**ДДСҰ “Caregiver
Training Skills”
(балаларға күтім
көрсетуді үйрету)
бағдарламасын
Қазақстан
Республикасы үшін
бейімдеу аясында
ҚР ЕХӘҚМ ӘОД
ҒПО, ҚР ДСМ
РПДҒПО және
ЮНИСЕФ бірлесіп
әзірлеген**

7-САБАҚ

БАЛАҒА ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ БАЛАМАЛАРЫН ҚАЛАЙ ҮЙРЕТУ КЕРЕК?

Қажетті материалдар мен жабдықтарды дайындаңыз

1	Маман нұсқаулығы 7;	Әр маманға 1-ден
2	Ата-аналарға арналған буклет. 7-ші сабақ;	Әр ата-анаға 1-ден
3	Ата-аналарға арналған жадынама;	Әр ата-анаға 1-ден
4	Ата-аналардың жұмыс дәптері;	Әр ата-анаға 1-ден
5	Суреттері бар график: – «Ойыншық» (демонстрацияда пайдаланылған ойыншықтың фотосуреті немесе суреті); – «Тазалау» (ойыншықтардың бірін пакетке немесе қорапқа лақтырып жатқан қолдың фотосуреті немесе суреті); – «Көшеге шығу» (есіктің фотосуреті немесе суреті);	1
6	Демонстрацияға арналға материалдар: — киім-кешекке арналған себет; — себетке сыятын киім немесе төсек-орын жабдығы; — текшелер немесе бірінің үстіне бірін қоюға болатын заттар (мысалы, пластик стақандар); — жануарлардың мүсіндері, пакет; — текшелерге және жануарлардың мүсіндеріне арналған пакет немесе қорап;	1 6-8 6-10 4-6 1
7	Жұптық жаттығуларға арналған материалдар: шүберек, ысқыш (губка), киім, тостағандар мен қасықтар, кітаптар, т.б;	Дұрысы -ата-аналар үйде қолданатын заттар, ойыншықтар, кітаптар;
8	Флипчарт, флипчартқа арналған қағаз, қағазға арналған фломастер немесе бор тақтасы, бор немесе маркер тақтасы, тақтаға арналған маркер;	Егер флипчарт қолдансаңыз – 5-10 парақ қағаз қажет;
9	Сабақ барысында уақытты бақылауға арналған сағат немесе таймер;	1

1

7-САБАҚТЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ

Сабақ соңына қарай ата-аналар:

I. Алдыңғы сабақтарда меңгерген білімді және дағдыларды ПЫСЫҚТАУЫ тиіс:

- 1) дағдыларды және жағымды мінез-құлық көрсеткені үшін баланы **МАҚТАУ** және **ҚОЛПАШТАУ**;
- 2) жағымсыз мінез-құлық басталғанға дейінгі белгілерді **ҚАРАУ** және **ТЫҢДАУ**;
- 3) **КЕҢІСТІКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ** және балаға іс-әрекет түрі ауысатыны туралы **ЕСКЕРТУ**;

II. Негізгі ақпаратты ТҮСІНУІ тиіс:

- 1) Бала өзінің іс-әрекетін түсінуі үшін және сабырлы күйінде қалуы үшін суреттері бар графикті қалай пайдалану керек;
- 2) Баланың жағымсыз мінез-құлқына оны тудырған себепке қарай қалай әрекет ету керек;

III. ДАҒДЫЛАРДЫ МЕНГЕРУІ тиіс:

- 1) Балаға сөздерді және ым-ишараны пайдалануды үйрету арқылы қалағанына қол жеткізуге бағытталған жағымсыз мінез-құлқына қатысты әрекет ету;
- 2) Егер елемеу бала үшін қауіпсіз болса, баланың өзіне көңіл аударуға бағытталған жағымсыз мінез-құлқын елемеу;
- 3) Әрекетті тоқтатуға немесе одан қашуға бағытталған жағымсыз мінез-құлықты азайту үшін балаға түсінікті, бірізді және лайықты талап қою;
- 4) Сезімге бөленуге бағытталған жағымсыз мінез-құлықты ауыстыру үшін қауіпсіз және орынды мінез-құлыққа үйрету;

2

ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ СЕБЕБІН АНЫҚТАҢЫЗ ЖӘНЕ СЕБЕБІНЕ ҚАРАЙ ҚАЛАЙ ӘРЕКЕТ ЕТЕТІНІҢІЗДІ ШЕШІҢІЗ:

БІРДЕҢЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ, ӨЗІНЕ КӨҢІЛ АУДАРУ, БІРДЕҢЕНІ ТОҚТАТУ НЕМЕСЕ ОДАН ҚАШУ, СЕЗІМГЕ БӨЛЕНУ

**Негізгі
хабарлама**

САБАҚ КЕСТЕСІ

	УАҚЫТЫ	МАЗМҰНЫ	БЕТ
1	5 минут	<u>Босансуға арналған қысқа жаттығу;</u>	4
2	20 минут	<u>Алтыншы сабақтың негізгі хабарламаларына және ұсынымдарына шолу жасау. Үй практикасына шолу жасау. 7-ші сабаққа кіріспе.</u>	4
3	15 минут	<u>Суреттерді пайдалану балаға күнделікті істерді орындау тәртібін жақсырақ түсінуге көмектеседі.</u>	7
4	10 минут	<u>Мадина мен Ильяның оқиғасы: Түрлі себептер тудырған баланың жағымсыз мінез-құлқына қалай жауап беру керек.</u>	11
5	15 минут	<u>Баланың қалағанына қол жеткізуге бағытталған жағымсыз мінез-құлқы.</u>	17
	15 минут	Үзіліс.	
6	15 минут	<u>Демонстрация. 1-бөлім: Баланың өзіне көңіл аударуға бағытталған жағымсыз мінез-құлқы.</u>	19
7	15 минут	<u>Демонстрация. 2-бөлім: Баланың әрекетті тоқтатуға немесе одан қашуға бағытталған жағымсыз мінез-құлқы.</u>	24
8	10 минут	<u>Баланың сезімге бөленуге бағытталған жағымсыз мінез-құлқы.</u>	29
9	25 минут	<u>Жаттығу: Үй практикасын жоспарлаймыз. Өзімнің үй практикама мен баланың жағымсыз мінез-құлқына қатысты қалай әрекет етемін. Жұптық жұмыс.</u>	32
10	10 минут	<u>Сабаққа шолу жасау.</u>	35
Уақыт = үзіліске дейін 65 минут және үзілістен кейін 75 минут.			

1. БОСАҢСУҒА АРНАЛҒАН ҚЫСҚА ЖАТТЫҒУ (5 минут)
(қараңыз: Маман нұсқаулығы, жалпы мәселелер, 5 бет)

**2. АЛТЫНШЫ САБАҚТЫҢ НЕГІЗГІ ХАБАРЛАМАЛАРЫНА ЖӘНЕ
ҰСЫНЫСТАРЫНА ШОЛУ ЖАСАУ.
ҮЙ ПРАКТИКАСЫНА ШОЛУ ЖАСАУ. 7 САБАҚҚА КІРІСПЕ**
(20 минут)

Алтыншы сабақтың негізгі хабарламаларына және ұсынымдарына шолу жасау

№1 негізгі хабарлама	№2 негізгі хабарлама
БАЛАЛАР САБЫРЛЫ ЖӘНЕ ЖИНАҚЫ БОЛҒАНДА ЖАҚСЫ ҮЙРЕНЕДІ;	БАЛАЛАР ҚОЛ ЖЕТКІЗУ, КӨҢІЛ АУДАРУ, БІРДЕҢЕДЕН ҚАШУ немесе СЕЗІМГЕ БӨЛЕНУ ҮШІН ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ҚАРЫМ- ҚАТЫНАС ЖАСАУЫ МҮМКІН;

№1 ұсыныс	№2 ұсыныс	№3 ұсыныс
ДАҒДЫЛАРДЫ ЖӘНЕ ЖАҒЫМДЫ МІНЕЗ- ҚҰЛЫҚ КӨРСЕТКЕНІ ҮШІН БАЛАНЫ МАҚТАҢЫЗ ЖӘНЕ ҚОЛПАШТАҢЫЗ;	ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ- ҚҰЛЫҚ БАСТАЛҒАНҒА ДЕЙІН ПАЙДА БОЛАТЫН БЕЛГІЛЕРДІ ҚАРАҢЫЗ ЖӘНЕ ТЫҢДАҢЫЗ;	БАЛАҒА САБЫР САҚТАУҒА КӨМЕКТЕСУ ҮШІН АЙНАЛАДАҒЫ КЕҢІСТІКТІ ДҰРЫС ҰЙЫМДАСТЫРЫҢЫЗ ЖӘНЕ БАЛАҒА ІС- ӘРЕКЕТ ТҮРІ АУЫСАТЫНЫ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТІҢІЗ;

4

Жұмыс дәптерінің 19-бетіндегі алдыңғы сабақтағы үй практикасының жоспарын қарап шығыңыз. Сіз келесілерді таңдауды жоспарлағансыз:

- жағымсыз мінез-құлық көріністерін байқау үшін және оған қатысты дұрыс әрекет ету үшін 2 үй тапсырмасы;
- **КӨБІРЕК КӨРГІҢІЗ КЕЛЕТІН 1** дағды немесе мінез-құлық;
- Сізге мейлінше лайық 1 ұсыныс;
- Бала қашан реттелмелі (сабырлы күй) және реттелмейтін (көңілі түскен немесе көңілі қалған) болатынын білу үшін көңіл күй термометрін пайдалану;



Кім өз тәжірибесімен бөліскісі келеді? Қалай қолыңыздан келді? Үй тапсырмасын орындау кезінде қандай сұрақтарыңыз пайда болды?

- Ата-аналарды үй практикасына күш жұмсағаны үшін мақтаңыз. Тәжірибесімен бөліскенде қолпаштаңыз: жағымды болсын, жағымсыз болсын;
- Бәріне ойындағысын айтуға мүмкіндік беріңіз (бір адамға тым ұзақ сөйлеуге мұрсат бермеңіз);
- Бір-біріне қолдау көрсетуге және ұсыныс беруге ынталандырыңыз;

	Жетелеуші сұрақтар	Ата-аналар беруі мүмкін жауаптар:
?	1) 5 минуттық жаттығуларыңыздың барысында қандай «салқын, жылы және ыстық» мінез-құлықты байқадыңыз?	<p>«Салқын»: реттелмеді, сабырлы және үйренуге дайын.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Белгілері: күлімсіреу және күлкі, денесі сабырлы және босаңсыған, дыбыстар шығарады немесе сөйлейді; <p>«Жылы»: жағымсыз мінез-құлықтың алғашқы белгілері.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Белгілері: мазасызданған (қайталана беретін дыбыстар шығарады, қыңқылдайды, ызыңдайды, бір орында байыз тауып отыра алмайды), әбігерлене бастайды, жан-жағына алақ-жұлақ қарайды, көбірек қимылдайды, әрекеттерді кезекпен орындамайды, қатысуға қызығушылығы кемиді; <p>«Ыстық»: реттелмейтін.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Белгілері: жылайды, айғайлайды, есірігі ұстайды, қашады, еденде домалайды, айналып жүгіреді, қатты козады;
	2) Балаға бір істен екіншісіне көшу қиын соғатын кездерде қандай ұсынымдарды пайдаландыңыз?	<ul style="list-style-type: none"> - Ауызша ескерту және кері санау; - Таймер немесе өзге визуалды ескерту; - Қазір не болып жатқанын және әрі қарай не болатынын көрсетуге арналған суреттері бар график; - Басқа іс түріне көшкен кезде орынды мінез-құлық үшін мақтау және қолпаштау;

	<p>3) Балаңыз «жылы» немесе «ыстық» болғанға ДЕЙІН не болды? Жағымсыз мінез-құлықтың тура алдында не болатынына зейін қою неліктен маңызды?</p>	<p>- «Жылы» немесе «ыстық» күй орын алғанға ДЕЙІН болатын белгілерді түсінгенде біз сол белгілерді азайтуға тырыса аламыз;</p>
	<p>4) Бала сары-қызыл қатарда болғанда сізге не істеуге болады?</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Сабырлы істерге көшу; • Балаға орынды мінез-құлықты жалғастыруға көмектесу үшін көңілді және жағымды көзқарас көрсету (қызықтыру, көңілін көтеру, тапсырманы тез бітіруге көмектесу); • Бауырға басу, құшақтау, үйкелеу – терең қысым тыныштандыра алады; • Ән айтып беру; • Физикалық белсенді ойын ойнау; • Қысқа үзіліс жасау (абай болыңыз! Үзіліс жағымсыз мінез-құлық үшін марапаттауға айналып кетуі мүмкін – ол туралы 8-сабақта сөйлесеміз);

7-сабаққа кіріспе

<p>Айтыңыз:</p>	<p>Біз жетінші сабаққа көшеміз.</p> <p>Өтінемін, ата-аналарға арналған буклеттің 3-бетін ашыңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бүгін біз балалардың күрделі мінез-құлқы тақырыбын жалғастырамыз және жағымсыз мінез-құлықты қалай басқару екені туралы көбірек білеміз; • Жағымсыз мінез-құлық түрін қалай анықтау және балаға оны жеңуге көмектесу туралы білеміз;
------------------------	--

3. СУРЕТТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ БАЛАҒА КҮНДЕЛІКТІ ІСТЕРДІ ОРЫНДАУ РЕТІН ЖАҚСЫРАҚ ТҮСІНУГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ (15 МИНУТ)

Түсіндіріңіз:	<ul style="list-style-type: none">• Кейбір адамдар жаңа дүниені нұсқаулық тыңдағанда оңайырақ үйренеді. Басқалары нұсқаулықты КӨРГЕНДЕ оңайырақ үйренеді;• Біз балалар үшін СУРЕТТЕРІ БАР ГРАФИКТІ пайдалана аламыз. Қазір не болып жатқанын және ары қарай не болатынын суреттерден көрнекі түрде көрсеткен кезде балаларға түсіну оңайырақ болады; <p>Суреттері бар графикті пайдаланудың екі негізгі әдісі бар:</p> <p>1) «Басында-Кейін» Балаға қазір не болып жатқанын және ары қарай не болатынын көрсету үшін бар-жоғы екі суретті пайдалануға болады. МЫСАЛЫ: Сізде қол жуғыштың суреті және киімнің суреті бар. Сіз балаға екі суретті де көрсетіп, «Алдымен жуынамыз, кейін киінеміз» дейсіз;</p> <p>2) «Күнделікті кесте» Балаға бірден бірнеше қадамды көрсетуге болады. МЫСАЛЫ: Суреттері бар графиктің көмегімен мектептен келгеннен кейінгі әрекеттерді көрсетуге болады. Графикте келесі суреттер болуы мүмкін: аяқкиімді шешу, әлденіп алу, інісін алып кету, ойнау;</p>
----------------------	--

«Үйден шығуға дайындалу кезінде Суреттері бар графикті пайдалану» демонстрациясын түсіндіріңіз

Айтыңыз:	<ul style="list-style-type: none">• Алдыңғы сабақта біз Тайыр мен оның анасын бала үшін бір істен (ойын) екіншісіне көшу қиын болатын сәтте көрдік. Біз уақытты кері санау арқылы балаға көмектесуді үйрендік;• Кейде іс-әрекеттердің ретін түсіну үшін балаға қосымша көмек керек болуы мүмкін;• Осы демонстрацияда сол үшін Суреттері бар графикті қалай пайдалану керек екенін көрсетеміз;
-----------------	---

Алдыңғы аптадағыдай кеңістік дайындаңыз: Тайыр еденде отыр, ойыншықтарымен ойнап отыр. Ол ересекке арқасын қаратып отыр.

Суреттері бар графикті дайындаңыз:

- ойыншықтардың суреті;
- тазалаудың суреті;
- көшеге шығудың суреті (есіктің суреті);

Ересек:	<p>Баланың қарсы алдына, оның деңгейінде тұрады;</p> <p>Ептеп оның назарын өзіне аударады;</p> <p><i>«Тайыр!»</i> Қолын иығына қояды;</p> <p>Жылы шыраймен, бірақ нақтылы үнмен былай дейді: <i>«Жақсы, Тайыр, бізде ойнауға тағы 2 минут бар»;</i></p> <p>Екі саусағын көрсетеді;</p>
Бала:	Ересекке қарайды;
Ересек: (КӨРСЕТУ мен АЙТУДЫ қолданады)	<p>Суретті КӨРСЕТІП, айтады;</p> <p>АЙТУ: <i>«Тайыр, тағы 2 минут ойнауға болады» және</i> Ойыншықтары бар суретті КӨРСЕТУ;</p> <p>АЙТУ: <i>«Кейін бәрін жинап тастаймыз» және</i> Үй тазалаудың суретін КӨРСЕТУ;</p> <p>АЙТУ: <i>«Ал одан кейін шығамыз» және</i> Есіктің суретін КӨРСЕТЕДІ;</p>
Ересек: ата-аналарға түсіндіріңіз:	<p><i>«Енді мен пакетімді алып, 2 минуттан кейін Тайырға ойыншықтарын жинауға көмектесу үшін бәрін жасаймын»;</i></p> <p>Бірдеңені алып, пакетке салғандай қимыл жасайды;</p> <p>Сағатқа қарайды;</p> <p><i>«Мен оған 1 минут қалғанда ескерткім келеді»;</i></p>
Ересек: (КӨРСЕТУ мен АЙТУДЫ қолданады)	<p>Баланың қарсы алдына, оның деңгейінде тұрады;</p> <p>Бір саусағын көрсетеді;</p> <p>Көңілді түрде, бірақ қатқыл үнмен АЙТУ: <i>«Бізде тағы 1 минут бар, содан кейін бәрін жинаймыз».</i> Үй тазалаудың суретін КӨРСЕТУ;</p> <p>АЙТУ: <i>«Ал одан кейін шығамыз».</i> Есіктің суретін КӨРСЕТЕДІ;</p>

ТАЛҚЫЛАУ





	Жетелеуші сұрақтарыңыз:	Ата-аналар ықтимал жауаптары:
?	1) Қалай ойлайсыз, неге суреттер Тайырға жинақы күйінде қалуға көмектесе алады?	<ul style="list-style-type: none"> - Түсіну үшін Тайырға ауызша ескерту жеткіліксіз болуы мүмкін; - Ол сөздерді анық ести алмауы немесе оларды ұғынып үлгермеуі мүмкін. Суреттерді пайдаланғанда оның назарын аудару ықтималдығы артады; - Суреттерге сөздер қосу оны іс-әрекеттің келесі қадамына дайындауға көмектеседі;
<p>Үй практикасына шолу жасау кезінде Суреттері бар графикті пайдалану арқылы шешуге болатын проблема туралы айтып берген ата-ананы таңдаңыз. Сол ата-анамен практикалық жаттығу жасаңыз, топқа сол құралды баласымен бірге қалай пайдалана алатынын көрсетіңіз.</p>		
<p>Ата-аналарға арналған буклеттің 5-бетін ашыңыз. № 1 ұсыныспен танысамыз.</p>		

9









№1 ұсыныс

БАЛАҒА КҮНДЕЛІКТІ ІСТЕРДІ АТҚАРУ РЕТІН ТҮСІНУГЕ КӨМЕКТЕСУ ҮШІН ЖӘНЕ ЖАҒДАЙДЫ БАҚЫЛАУДА ҰСТАУ ҮШІН СУРЕТТЕРІ БАР ГРАФИКТІ ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ

- «БАСЫНДА-КЕЙІН» суреттері бар график балаңызға қазір не болып жатқанын және одан кейін не болатынын көрсетеді;
- Біз балаға 2 суретті көрсетіп, «Қазір жуынамыз, одан кейін киім киеміз» деп айта аламыз;
- Суреттері бар график балаңызға енді орын алатын өзгерістер туралы ескертуге көмектеседі. Бұл баланың ары қарай не болатынына қатысты мазасыздануын және күйзелісін азайта алады;



- «КҮНДЕЛІКТІ КЕСТЕ» суреттері бар график балаңызға бірден бірнеше қадамды көрсетеді.
- Мысалы, төменде баланың күнделікті кестесі көрсетілген. Онда бала үйге келгенде істейтін әр қадам бейнеленген.

<p>Аяқкиімді шешу</p>		
<p>Тамақ ішу</p>		
<p>Інісін мектептен алып кету</p>		
<p>Ойындар</p>		

4. МАДИНА МЕН ИЛЬЯНЫҢ ОҚИҒАСЫ:


ТҮРЛІ СЕБЕПТЕР ТУДЫРҒАН БАЛАНЫҢ ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА ҚАЛАЙ ЖАУАП БЕРУ КЕРЕК

Түсіндіріңіз:

Балалар бізге өз мінез-құлқымен не айтқысы келетінін түсіну маңызды. Біздің жағымсыз мінез-құлыққа қалай жауап беретіміз бала бізге жіберетін хабарламаға байланысты болады.

- **Мінез-құлықтың негізінде жатқан ХАБАРЛАМАНЫ ТҮСІНУ маңызды**
 - Бұл сізге дұрыс реакцияны жоспарлауға көмектеседі;
- **Бала өзін неге осылай ұстайтынын түсіну үшін жағымсыз мінез-құлыққа ДЕЙІН және БАРЫСЫНДА және KEYІН не болатынын МҰҚИЯТ ҚАРАҢЫЗ және ТЫҢДАҢЫЗ**
 - Жауабыңызды баланың жағымсыз мінез-құлқының төрт себебіне қарай жоспарлаңыз;

Тақтада немесе флипчартта алдыңғы сабақтан алынған мінез-құлықтың 4 себебінің сызбасын **САЛЫҢЫЗ.**



Айтыңыз:

Ата-аналарға арналған буклеттің 7-бетін ашыңыз.

ТУДЫРҒАН СЕБЕБІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ БАЛАНЫҢ ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА ЕРЕСЕК АДАМНЫҢ РЕАКЦИЯ КӨРСЕТУІНІҢ ТӨРТ СЕБЕБІ

БАЛА БІЗГЕ ЖІБЕРЕТІН ХАБАРЛАМА, ОНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ СЕБЕБІ:	БАЛАНЫҢ ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА ЖАУАП БЕРГЕНДЕГІ СІЗДІҢ МАҚСАТЫҢЫЗ:
Бірдеңеге қол жеткізгісі келеді	Өтіну үшін балаға қарым-қатынас жасау дағдыларын пайдалануға көмектесу: сөзбен, ым-ишарамен, суретпен ЖӘНЕ егер сіз затты бергіңіз келмесе немесе бере алмасаңыз, бірізді болу және затты баланың жағымсыз мінез-құлқына жауап ретінде бермеу;
Біреудің көңілін аударғысы келеді	Балаға көңіл аудармау және оған жауап бермеу (оның жағымсыз мінез-құлқын елемеу) ЖӘНЕ баланы мақтау және қолпаштау үшін орынды мінез-құлқына көңіл аудару;
Бірдеңені тоқтатқысы немесе қашқысы келеді	Әр жолы баладан тек бір әрекет түрін күту және тапсырманы бірте-бірте қиындату арқылы бала үшін түсінікті, бірізді және лайықты қадамдар белгілеу ЖӘНЕ балаға оның жағымсыз мінез-құлқы жоспарланған әрекетті тоқтатпайтынын ұғынуға көмектесу;
Қандай да бір сезімге бөленгісі келеді	Өзі қалаған сезімдерге бөлену үшін балаға қарым-қатынас жасауға көмектесу ЖӘНЕ қалаған сезімдеріне бөленудің қауіпсіз және орынды әдісін қамтамасыз ету;

12


- Мадинаның (12-бет) немесе Ильяның (14-бет) оқиғасының біреуін таңдаңыз;
- Содан кейін жетелеуші сұрақтар қойыңыз;
- Егер ата-аналар жауап беруге қиналса, дұрыс жауаптарын өзіңіз беріңіз;

Айтыңыз:	<i>Қазір біз 9-беттегі Мадинаның (немесе 11-беттегі Ильяның) оқиғасымен танысамыз.</i>
	<i>Баланың жағымсыз мінез-құлқына ДЕЙІН, БАРЫСЫНДА және КЕЙІН бірден не болатынын ҚАРАҢЫЗ және ТЫҢДАҢЫЗ; Бала өзінің мінез-құлқымен не айтқысы келеді? Мадинаның анасы (немесе Ильяның әкесі) баланың жағымсыз мінез-құлқына қалай жауап береді?</i>

1-оқиға «Мадина»

Ата-аналар суреттерге
қарайды:

Сіз оқисыз:



Мадинаның анасы күнде кешке онымен бірге тіс тазалау дағдысын қайталайды. Мадинаға тіс тазалаған ұнамайды. Ұйықтар алдында анасы тіс тазалау керек екенін есіне алады;



Мадина інісімен ойнау үшін анасының ескертуін елемейді;



Мадинаның анасы тағы бірер минут күтіп, артыныша қайтадан тісті тазалау керек екені туралы Мадинаның есіне салады;

Мадина ұйықтар алдында тағы кішкене ойнай тұру үшін ызыңдай бастайды;



Кейде анасы тіс тазалауға бола кикілжіңге бармау үшін оған ойнауға тағы біраз уақыт беруге келіседі;



Ал кейде «жоқ» дейді де, тісті тазалау керек екені туралы қайтадан Мадинаның есіне салады;



Анасы осылай істегенде Мадина жылай бастайды және еденге құлай кетеді;

Сонда анасы беріліп, оны тіс тазалауға мәжбүрлемейді;

	Жетелеуші сұрақтар:	Ата-аналардың ықтимал жауаптары:
?	1) <i>Мадинаның қандай жағымсыз мінез-құлқын байқадыңыз?</i>	- Бізындай бастайды және ойнай тұруға тағы уақыт сұрайды; - Айғайлайды, жылайды және еденге құлайды;
	2) <i>Жағымсыз мінез-құлыққа ДЕЙІН не болып жататынын байқадыңыз ба?</i>	- Анасы Мадинаға тіс тазалауды тапсырады; - Кейде бірнеше рет талап етеді;
	3) <i>Жағымсыз мінез-құлықтан КЕЙІН не болып жататынын байқадыңыз ба?</i>	- Кейде Мадина ызындап, тағы біраз ойнай тұруды өтінгенде, анасы келісіп, тіс тазалауды біраз уақытқа кейінге қалдыруға мүмкіндік береді; - Бірақ кейде Мадина дәл солай ызындап, тағы ойнай тұруды өтінгенде анасы келіспейді; - Мадина айғайға басып, жылап, еденге құлай кеткенде анасы көбінесе беріле салады да, қызының тіс тазаламауына келісімін береді. Осылайша Мадина үшін қиын іс тоқтатылады;
	4) <i>Қалай ойлайсыз, Мадинаның жағымсыз мінез-құлқының себебі қандай?</i>	- Мадина тіс тазалауды тоқтатқысы немесе одан қашқысы келеді;
	5) <i>Қалай ойлайсыз, егер анасы дәл осындай реакция көрсете берсе, Мадинаның жағымсыз мінез-құлқы күшейе ме немесе тоқтай ма?</i>	- Күшейеді, себебі, анасы кейде Мадинаға тіс тазалауды кейінге қалдыруға, ал кейді мүлдем тазаламауға рұқсат береді;
	6) <i>Осыны түсіне отырып, анасы Мадинаның әлгіндей мінез-құлқын тоқтату үшін не жоспарлай алады?</i>	Анасы келесілерді жоспарлай алады: - Мадина жағымсыз мінез-құлық көрсетсе де, тіз тазалау талабы тоқтамайтынын түсінуі үшін өз талабын Мадина үшін мейлінше түсінікті ету; - Мадинаға қазір не болып жатқанын және келесі қадам қандай болатынын түсінуге көмектесу үшін суреттері бар графикті пайдалану;
Айтыңыз:	Осылайша баланың жағымсыз мінез-құлқының себебі бірдеңені тоқтату немесе одан қашу, ересектің осындай мінез-құлыққа беретін жауабының мақсаты келесідей болуы тиіс: <ul style="list-style-type: none"> • Бала үшін түсінікті, бірізді және лайықты талап қою; • Бұл балаға жағымсыз мінез-құлық көрсетсе де, іс-әрекет тоқтамайтынын түсінуге көмектеседі; 	

2-оқиға «Илья»

Ата-аналар суреттерге қарайды:

Сіз оқисыз:



Артур жұмыс бабымен телефонмен көп сөйлесуге мәжбүр. Ол барлық қоңырауларды Илья балабақшадан келгенше аяқтауға тырысады, бірақ кейде үлгермей қалады да, ұлының көзінше телефонмен сөйлесуге тура келеді;



Артур телефонмен сөйлесе бастаған сайын Илья қатты айғайлай бастайды: «Әке, әке! Қара! Әке, әке!» — және үйде жүгіре бастайды;



Артур көңіл аудармауға тырысып, телефонмен сөйлесуді жалғастыра береді, бірақ Илья одан сайын айғайлап, жүгіреді;



Ақыр аяғында Ильяның айғайы мен жүгірісі үдеп кететіні соншалық, Артур оған қатал үнмен тоқтатуды бұйыруға мәжбүр болады немесе тынышталуы үшін жанына отырғызуға тырысады;

	Жетелеуші сұрақтар:	Ата-аналардың ықтимал жауаптары:
?	1) <i>Ильяның қандай жағымсыз мінез-құлқын байқадыңыз?</i>	- Үйде қатты айғайлау және жүгіру;
	2) <i>Ильяның жағымсыз мінез-құлқына ДЕЙІН не болып жататынын байқадыңыз ба?</i>	- Артур телефонмен сөйлесе бастайды;
	3) <i>Жағымсыз мінез-құлықтан КЕЙІН не болып жататынын байқадыңыз ба?</i>	- Артур Ильяның қылығын елемеуге тырысады, бірақ үдеп кететіні соншалық, жұмысын әрі қарай жалғастыру үшін араласуға тура келеді; - Артур ұлына үнін өшіруге қатал үнмен бұйыруға немесе оны тыныштандыру үшін жанына отырғызуға мәжбүр болады;
	4) <i>Қалай ойлайсыз, Ильяның жағымсыз мінез-құлқының себебі қандай?</i>	- Илья әкесінің көңілін өзіне аударғысы келеді;
	5) <i>Қалай ойлайсыз, егер Артур дәл осындай реакция көрсете берсе, Ильяның жағымсыз мінез-құлқы күшейе ме немесе тоқтай ма?</i>	- Күшейеді, себебі, әкесі Ильяға үнін өшіру айғайлағанда және жанына отырғызғанда ғана көңіл бөледі;
	6) <i>Осыны түсіне отырып, Артур Ильяның әлгіндей мінез-құлқын тоқтату үшін не жоспарлай алады?</i>	Әкесі келесілерді жоспарлай алады: - қатты айғай мен жүгірісті елемеу; - Илья тып-тыныш отырғанда көңіл аудару және мақтау;
Айтыңыз:	<p>Осылайша баланың жағымсыз мінез-құлқының себебі өзіне көңіл аударту екенін ересек ескеріп, осындай мінез-құлыққа беретін жауабының мақсаты келесідей болуы тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Балаға көңіл аудармау және жауап бермеу, яғни баланың мінез-құлқын елемеу; • Бала тып-тыныш отырғанда көңіл аудару және мақтау; 	

Түсіндіріңіз:	<ul style="list-style-type: none"> • Әрі қарай балалардың жағымсыз мінез-құлқының төрт себебінің (қол жеткізу, көңіл аудару, бірдеңеден қашу немесе тоқтату, сезімге бөлену) әрқайсысы туралы бөлек-бөлек әңгімелесеміз; • Әрқайсысымыз баламыздың бойында азайтуды немесе тоқтатуды мақсат еткен жағымсыз мінез-құлықты таңдаймыз; • Осындай мінез-құлыққа қатысты реакциямызды жоспарлап үйрену керек; <p>Ата-аналарға арналған буклеттің 12-бетін ашыңыз.</p>
----------------------	---

№1 негізгі хабарлама

БАЛАҢЫЗДЫҢ ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ СЕБЕБІН АНЫҚТАҢЫЗ:

ҚОЛ ЖЕТКІЗУ, КӨҢІЛ АУДАРУ, БІРДЕҢЕДЕН ҚАШУ НЕМЕСЕ СЕЗІМГЕ БӨЛЕНУ ЖӘНЕ СОЛ СЕБЕПКЕ ҚАТЫСТЫ ҚАНДАЙ РЕАКЦИЯ КӨРСЕТЕТІНІҢІЗДІ ШЕШІҢІЗ

- Баланың жағымсыз мінез-құлқының төрт себебі бар:
 - Қалаған затына қол жеткізу;
 - Өзіне көңіл аударту;
 - Қандай бар бір әрекеттен қашу немесе тоқтату;
 - Белгілі бір сезімге бөлену;
- Жағымсыз мінез-құлықтың себебін анықтау үшін оған **ДЕЙІН, БАРЫСЫНДА** және **КЕЙІН** не болғаны туралы ойланыңыз;
- Тудырған себебіне қарай жағымсыз мінез-құлықты тоқтатудың немесе азайтудың түрлі әдістері бар;

5. БАЛАНЫҢ ҚАЛАҒАНЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ (15 МИНУТ)

Буклеттің 13-бетін ашуды өтініңіз

	Сіздің жетелеуші сұрақтарыңыз:	Ата-аналардың ықтимал жауаптары:
?	<i>Балалар бірдеңеге қол жеткізу үшін неліктен жағымсыз мінез-құлықты пайдаланады?</i>	- Қалағанын өтіну немесе алу үшін сөзбен айтып жеткізе алмайды;
Айтыңыз:	<i>Суреттен баланың сол затты алғысы келетінін, бірақ қолы жетпейтінін, ересек адамның көмегіне жүгінуге тырысып жатқанын көріп тұрмыз. Ол өзін басқа адамдар түсінетіндей етіп өзге жолмен түсіндіре алмайтынына көңілі бұзылады. Мұнда ересек тарапынан баланың жағымсыз мінез-құлқына дұрыс емес реакция көрсеткені бейнеленген, мұндай реакция кезінде жағымсыз мінез-құлық қайталана береді.</i>	



Түсіндіріңіз:	14-бетті қарайық
	<p>1. Қалаған затына қол жеткізуге бағытталған жағымсыз мінез-құлыққа қалай дұрыс реакция көрсету керек?</p> <p>Бұл біздің балаға сол затты бере алатынымызға немесе бере алмайтынымызға байланысты:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Затты балаға бермес бұрын, егер мүмкін болса, балаға өзіне лайықты қарым-қатынас жасау дағдыларын пайдалануға көмектесу керек, мысалы, ым-ишара, белгі, сөз немесе сурет; • Егер балаға сол затты бере алмасаңыз, бірізді болу керек, бала жағымсыз мінез-құлық көрсетіп жатса, затты бермеу керек;
	<p>2. Жағымсыз мінез-құлықтың себебі бірдеңеге қол жеткізу екенін қалай түсінуге болады?</p> <p>Ол үшін келесі әдісті қолдану керек:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Баланы түсіну үшін ҚАРА және ТЫҢДА; 2) Жағымсыз мінез-құлыққа ДЕЙІН не болғанын ҚАРА және ТЫҢДА, талда; <ul style="list-style-type: none"> • Бәлкім, бала бірдеңе сұрауға тырысып жатқан шығар? • Бәлкім, бала бірдеңе істеу үшін немесе бірдеңемен бөлісу үшін сізден көмек сұрап жатқан шығар? <ul style="list-style-type: none"> ○ Бәлкім, ол өзіне қызықты бірдеңемен сізбен бөліскісі келетін шығар? ○ Бәлкім, ол өзінің реніші, қорқынышы, көңілі толмаушылығы немесе сенімсіздігі туралы жеткізгісі келетін шығар? <p>Мысалы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қыз бала жеміс салынған себетке қолын созады, бірақ қолы жетпейді. Ол анасы себеттен жеміс алып бермейінше айғайлай бастайды; <p>Өз мінез-құлқымен бала анасына жеміс алып беру туралы өтінішін жеткізіп жатыр;</p> - Бала ойыншықтарды белгілі бір тәсілмен ойнағанды ұнатады. Сіз ойыншықты алуға тырысасыз. Бала айғайлайды: «Жоқ! Ит келеді осында!» <p>Өз мінез-құлқымен бала сіздің ойыншықты ол қалағандай пайдаланбағаныңыз үшін көңілі толмайтынын жеткізіп жатыр.</p>
	<p>3. Балаларға өтіну сияқты қажетті қарым-қатынас дағдысын меңгеруге көмектесу үшін қандай әдістерді қолдануға болады?</p> <ul style="list-style-type: none"> • ҚАРА және ТЫҢДА – бала не айтуға тырысып жатыр? • КӨРСЕТ және АЙТ – бала қарым-қатынас үшін пайдалана алатын сөздер мен ым-ишара; • Бала ТҮСІНЕ және АЙТА АЛАТЫН сөздерді пайдаланыңыз; • Баланың артынан ҚАЙТАЛАҢЫЗ және баланың СӨЗДІК ҚОРЫН БАЙЫТЫҢЫЗ;
ҚОСЫМША:	
	<p>Ата-аналардың үй практикасынан алынған бір баланың әлденеге қол жеткізу үшін пайдаланатын жағымсыз мінез-құлқымен жұмыс жасаңыз;</p>
Айтыңыз:	15-беттегі № 2 ұсынысқа қараймыз

№2 ұсыныс

ЕГЕР БАЛАНЫҢ ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ ҚАЛАҒАН ЗАТЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БОЛСА, ОҒАН СӨЗДЕР МЕН ҰМ-ИШАРАНЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ҮЙРЕТІҢІЗ

- Балаға қалағанын өтіне алуы үшін сөздер мен ұм-ишараны пайдалануды үйретіңіз;
- **КӨРСЕТІҢІЗ** және **АЙТТЫҢЫЗ** - бала қарым-қатынас жасау үшін пайдалана алатын сөздер мен ұм-ишараны көрсетіңіз;
- Егер бала сабырлы, жинақы және үйренуге дайын кездерде күнделікті қарым-қатынас жасау дағдыларымен жұмыс жасасаңыз, балаға жағымсыз мінез-құлықты алмастыратын қажетті дағдыларды меңгеруге көмектесе аласыз;



ҮЗІЛІС 15 минут

19

6. ДЕМОНСТРАЦИЯ. 1-БӨЛІМ:

БАЛАНЫҢ ӨЗІНЕ КӨҢІЛ АУДАРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ (15 МИНУТ)

Түсіндіріңіз:	<p>Ата-аналарға арналған буклеттің 16-бетін қараңыз.</p> <ul style="list-style-type: none">• Балалар өзіне көңіл аудару үшін жағымсыз мінез-құлықты пайдалана алады;• Балаға сіздің реакция көрсеткеніңіз – қарағаныңыз, сөйлегеніңіз немесе бірлескен іс-әрекетке көшкеніңіз – керек;• Бұл ретте көңіл аудару түрі әртүрлі болуы мүмкін, соның ішінде жағымсыз сипатта көңіл аудару, мысалы, сөгіс, айғай, физикалық ықпал ету;• Балалар жағымсыз мінез-құлықты сіздің көңіліңізді қалай басқа жолмен аудару алатынын білмеген кездерде пайдаланады;<ul style="list-style-type: none">○ Оларға өздері үшін қиын дағдыларды пайдаланудан гөрі сіздің көңіліңізді жағымсыз мінез-құлықпен аудару оңайырақ;• Баланы жағымсыз мінез-құлқы сіздің көңіліңізді аударуға көмектесе алмайды дегенге үйрету керек. Бірақ есесіне орынды мінез-құлқы және дағдыларды пайдаланғаны үшін сіз молынан көңіл бөлесіз және көбірек мақтау айтасыз;
----------------------	--

	<p><i>Ата-аналарға арналған буклеттің 17-бетін қараңыз.</i></p> <p><i>Баланың өзіне көңіл аударуға бағытталған жағымсыз мінез-құлқына қалай дұрыс реакция көрсету керек?</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • Баланың жағымсыз мінез-құлқын елемеу және жауап қайтармау (мінез-құлқын көзге ілмеу) және дағдыларды пайдаланғанына әрі орынды мінез-құлық көрсеткеніне көңіл аудару және мақтау;
	<p><i>Баланың жағымсыз мінез-құлқының себебі өзіне көңіл аудару екенін қалай түсінуге болады?</i></p> <p><i>Ол үшін келесі әдісті қолдану керек:</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <i>Баланы түсіну үшін ҚАРА және ТЫҢДА;</i> 2) <i>Жағымсыз мінез-құлықтың дәл алдында не болды, ҚАРА және ТЫҢДА, талда;</i> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Бәлкім, сіздің көңіліңізді басқа бала немесе ересек өзіне аударды ма?</i> • <i>Бәлкім, бала сізбен қарым-қатынас жасағысы келеді, бірақ көңіліңізді қалай аудару керек екенін білмейтін шығар?</i>

Демонстрация, 1-бөлім: «Киімді Кәріммен бірге жинаймыз».

Баланың өзіне көңіл аударуға бағытталған жағымсыз мінез-құлқын елемеңіз.

21

<p>Айтыңыз:</p>	<p><i>Ата-аналарға арналған буклеттің 16-бетін ашыңыз.</i></p> <p><i>Қазір біз ана мен бала бірлескен іспен шұғылданатынын – жерде шашылып жатқан киімді жинайтын жағдайды – көрсетеміз. Мен – анамын, ал бұл – менің ұлым Кәрім.</i></p> <p><i>Келесілерді байқау үшін, өтінеміз, ҚАРАҢЫЗ және ТЫҢДАҢЫЗ; Кәрімнің жағымсыз мінез-құлқы қандай көрініс береді? Жағымсыз мінез-құлықтың алдында не болды? Одан кейін бірден не болды?</i></p>
<p>Түсіндіріңіз:</p>	<p><i>Кәріммен бірге бір іспен шұғылданбас бұрын назар аударыңыздар, мен:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>баланың деңгейінде оған тура қарама-қарсы жайғасамын;</i> • <i>баламның деңгейіне сай тілді пайдаланамын;</i> • <i>Кәрімге қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беру үшін үзіліс жасаймын және күтемін;</i> • <i>Кәрімнің қарым-қатынас жасау әрекеттеріне реакция көрсетемін: көзбен, ишарамен, дыбыспен, сөзбен;</i> • <i>айналысатын іске арналған орын мен материалдарды алдын-ала дайындаймын:</i> <ul style="list-style-type: none"> ○ <i>тазалау жұмыстары жүргізілетін орын (жерде киім шашылып жатыр);</i> ○ <i>киімді салатын себет немесе қорап;</i>
<p>Айтыңыз:</p>	<p><i>Егер елемеу баланың денсаулығына қауіпті болмаса, демонстрация баланың жағымсыз мінез-құлқын қалай елемеуге болатынын көрсетеді;</i></p>

Ата-аналарға түсіндіріңіз:	Біз Кәріммен бірге жуатын киімдерді себетке жинауға дайындалып жатырмыз. Киім жерде жатыр. Әдетте біз Кәріммен бірге киімді кезектесіп жинап, себетке саламыз;
Ересек: КӨРСЕТЕДІ және АЙТАДЫ	«Кәрім, киім жинау керек!» Жейдені алып, себетке салады.
Бала:	«Жинау! Жинау!»
Ересек: ҚАЙТАЛАЙДЫ, СӨЗДІК ҚОРЫН БАЙЫТАДЫ, КӨРСЕТЕДІ	«Киімді жинаймыз!» Басқа киімді алып, себетке салады.
Бала:	Киімді жерден алып, ересектің жанына бармайды, оны айнала жүгіріп, киімді жоғары қарай лақтырады да, ересектің көзіне қарап, күледі. Ол ойын ойнап тұр;
Ата-аналарға түсіндіріңіз:	<ul style="list-style-type: none"> • Мен білемін, егер қазір Кәрімге қарасам, онда ол көздегендей көңіл бөлемін; • Соның орнына мен оның жағымсыз мінез-құлқын елемеймін де, ол тоқтағанша күте тұрамын; • Ол жүгіруін және киімді шашқанын тоқтатқанша күте тұрамын; • Ол жүгіріп жатқанда мен оған қарамаймын және онымен сөйлеспеймін; • Ол сабырға келгенде көңіл бөлемін және мақтаймын;
Ересек: ЕЛЕМЕЙДІ	Теріс айналады және күтеді.
Бала:	Ересекке қарайды. Біраз жүгіріп алып, тоқтайды да, ересектің жанына оралады;
Ата-аналарға түсіндіріңіз:	Сол сәтте мен мүлдем күлмеуім керек.
Ересек: КӨРСЕТЕДІ және АЙТАДЫ	Қатал үнмен: «Жинау керек». Киімді себетке салады.
Бала:	Себетке қарай бет алады;
Ересек:	Баланы қолынан ұстайды. Сабырлы және қатаң дауыспен АЙТАДЫ: «Жинаймыз! Киімді жинаймыз!» Себетті КӨРСЕТЕДІ. Балаға басқа киімді береді.
Бала:	Киімді себетке тастайды;
Ересек:	Күледі. Жылы үнмен: «Жақсы, жинадық!»

	Жетелеуші сұрақтар:	Ата-аналардың ықтимал жауаптары:
?	1) <i>Кәрімнің жағымсыз мінез-құлқының тура алдында не болды?</i>	- Киім жинауды бастау;
	2) <i>Кәрімнің жағымсыз мінез-құлқы қандай болды?</i>	- Кәрім жұмысты ойынға айналдырды, жүгірді, киімді себетке салудың орнына лақтырды;
	3) <i>Жағымсыз мінез-құлықтан кейін бірден не болды?</i>	- Ересек адам баланың жағымсыз мінез-құлқын көзге ілмеді: оған қараған жоқ, сөйлескен жоқ, қайтадан жұмысқа кірісуін күтті; - Мақсатты дағдыны – затты себетке салуды – аяқтау үшін ересек адам балаға аздап көмектесті ; - Бала мақсатты дағдыны орындағанда (тіпті ол үшін көмек керек болса да) бірден күлімсіреумен және көзқараспен баланы мақтады; - Ересек дауыс сарынын өзгертіп отырды : бала қашқанда қатал және сабырлы және бала жұмысқа кіріскенде жылы және жағымды ;
	4) <i>Ересек адам балаға ұрсудың орнына неге оның жағымсыз мінез-құлқын көзге ілмеді?</i>	Бала мінез-құлқымен өзіне көңіл аудартқысы келді. Балаға ұрысса, ересек оған қалағанын берер еді – көңіл аударар еді, солайша оның жағымсыз мінез-құлқын қолпаштар еді;
	5) <i>Өзіне назар аудару Кәрімнің жағымсыз мінез-құлқының жалғыз себебі ме?</i>	Балалар осындай жағымсыз мінез-құлық түрін тек өзіне көңіл аудару үшін ғана емес, сонымен қатар, тапсырманы тоқтату немесе одан жалтару үшін де пайдалана алады. Мысалы, заттарды себетке жинау Кәрім үшін қиын тапсырма болуы мүмкін немесе ұнамауы мүмкін. Сондықтан, осындай мінез-құлық көрсете отырып, бала киімді себетке жинауда қаша алды;
Айтыңыз:	<i>Есте сақтау маңызды, баланың өзіне көңіл аударуға бағытталған жағымсыз мінез-құлқы оған СОНЫМЕН БІРГЕ қандай да бір істі тоқтатуға немесе одан қашып құтылуға көмектесе алады. Жағымсыз мінез-құлықтың бір мезетте бірнеше себебі болуы мүмкін.</i>	
Айтыңыз:	Ата-аналарға арналған буклеттің 18-бетіндегі үшінші ұсынысқа қарайық.	

№3 ұсыныс

ЕГЕР БАЛАНЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ ӨЗІНЕ КӨҢІЛ АУДАРУҒА БАҒЫТТАЛСА, ОЛ ҮШІН ҚАУІПСІЗ БОЛҒАНДА ҒАНА СОНДАЙ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН КӨЗГЕ ІЛМЕҢІЗ

- **Өзіңізден сұраңыз:**
 - Осындай мінез-құлық балама немесе басқа адамға зиян келтіре ме?
 - Бала қорыққаннан, науқастанғаннан немесе бір жері ауырып тұрғаннан көңіл аударуды талап етіп тұр ма?
- Егер екі сұраққа да «ЖОҚ» деп жауап берсеңіз, ондай мінез-құлықты көзге ілмесеңіз болады;



Жағымсыз мінез-құлық тоқтағанша күтіп отырғанда балаға қарамаңыз, онымен сөйлеспеңіз және айғайламаңыз (әйтпесе балаға көңіл аударып, қолпаштаған боласыз).



- Жағымсыз мінез-құлық тоқтағанда бірден баланы мақтаңыз, тіпті болмашы бірдеңе үшін, мысалы, ол бар-жоғы бірнеше секунд бойы ғана отырып, шулаған жоқ;
- Есіңізде болсын, баланың өзіне көңіл аударуға бағытталған жағымсыз мінез-құлқы жақсарғанша көзге ілмеу мінез-құлықтың уақытша нашарлауына алып барады. Бұл баланың сіздің көңіліңізді аударуға бұрынғыдан да қаттырақ тырысатымен байланысты болады;

Көзге ілмеу бала үшін қауіпсіз болатынын қалай шешуге болады?

Өзіңізден сұраңыз	Егер жауап “ЖОҚ” болса	Егер жауап “ИӘ” болса
Баланың жағымсыз мінез-құлқы қауіпті ме?	Жағымсыз мінез-құлықты көзге ілмесеңіз болады;	Бала үшін қауіпті жағымсыз мінез-құлықты қалай азайтуға болатынын жаттықтырушымен талқылау керек;
Мінез-құлық өзіне немесе басқа адамға зиян келтіре ала ма?	Жағымсыз мінез-құлықты көзге ілмесеңіз болады;	Баланы көзге ілмей қоймаңыз! Оның мінез-құлқына реакция көрсетіңіз;
Бала қазір науқастанып тұр ма, қорыққан ба немесе бір жері ауырып тұр ма?	Ондай мінез-құлықты көзге ілмесеңіз болады;	

7. ДЕМОНСТРАЦИЯ. 2-БӨЛІМ:

БАЛАНЫҢ ӘРЕКЕТТІ ТОҚТАТУҒА НЕМЕСЕ ОДАН ҚАШУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ (15 МИНУТ)

Түсіндіріңіз:	<p><i>Ата-аналарға арналған буклеттің 19-бетін қараңыз.</i></p> <ul style="list-style-type: none">• Балалар бір іс-әрекетті тоқтатуға немесе одан қашуға бағытталған жағымсыз мінез-құлықты келесі мақсатта пайдалануы мүмкін:<ul style="list-style-type: none">○ өзі үшін қиын тапсырманы кейінге қалдыру, тоқтату немесе орындамау;• Жағдай әртүрлі болуы мүмкін;• Бізге ауыр соғатын немесе өзімізге ұнамайтын істерді істеуге тура келеді:<ul style="list-style-type: none">○ балаға не істеу керек екенін түсінуге көмектесіңіз;○ оған қолдау көрсетіңіз;
	<p>Баланың әрекетті тоқтатуға немесе одан қашуға бағытталған жағымсыз мінез-құлқына қалай дұрыс реакция көрсету керек?</p> <ul style="list-style-type: none">• Бала өзінің жағымсыз мінез-құлқы іс-әрекетті тоқтатпайтынын ұғынуы үшін оған түсінікті, бірізді және лайықты талаптар белгілеу керек;• Іс-әрекеттерді орындау реті бала үшін тым қиын немесе тым оңай емес екеніне көз жеткізу маңызды;• Сізге балаға тапсырманы орындауға көмектесу қажет болуы мүмкін;• Сізге іс-әрекетті бала үшін қызықты және тартымды ету қажет болуы мүмкін;
	<p>Баланың жағымсыз мінез-құлқының себебі іс-әрекетті тоқтату немесе одан қашу екенін қалай түсінуге болады?</p> <p><i>Ол үшін келесі әдісті қолдану керек:</i></p> <ol style="list-style-type: none">1) Баланы түсіну үшін ҚАРА және ТЫҢДА;2) Жағымсыз мінез-құлққа ДЕЙІН не болғанын ҚАРА және ТЫҢДА, талда:<ul style="list-style-type: none">○ бәлкім, сіздер жаңа дағдымен жұмыс жасаған шығарсыздар?○ бәлкім, бір қиын іспен айналысып көрген шығарсыздар?○ бәлкім, балаға ұнамайтын жұмысты істеген шығарсыздар? <p><i>Мысалы,</i></p> <ul style="list-style-type: none">- Бала сіздің дүкенге жиналып жатқаныңызды көрген сайын жылайды, айғайлайды және есірігі ұстайды; Бала өзінің мінез-құлқымен сіздің кетіп бара жатқаныңыз оған ұнамайтындықтан, сізді тоқтатқысы келетінін немесе дүкенге баруыңызды болдырғысы келмейтінін жеткізіп жатыр;- Сіз баламен бірге кітап оқисыз. Екі бетін оқыдыңыздар, бірақ бала қыңқылдай бастайды және «кітап керек емес, кітап керек емес» деп қайталай береді, оны жауып тастауға тырысады; Бала өзінің мінез-құлқымен өзі үшін тым белсенді кітап оқуды

	<i>тоқтатқысы келетінін жеткізіп жатыр;</i>
	<p>Баланың қандай да бір іс-әрекетті тоқтатуға немесе одан қашуға бағытталған жағымсыз мінез-құлқына тосқауыл болу үшін қандай әдістерді қолдануға болады?</p> <ul style="list-style-type: none"> • ҚАРА және ТЫҢДА – бала нені тоқтатуға немесе неден қашып құтылуға тырысып жатыр? • Бала түсінетін сөздерді пайдаланыңыз; • Бала үшін түсінікті және лайықты талаптар қойыңыз. Сол кездерде бірізді, батыл болыңыз және балаға жылы шырай танытыңыз; • Бала қазір не істеуі керек және кейін не істеуі керек екенін түсінуі үшін ым-ишараны немесе суреттері бар графиктерді пайдаланыңыз; • Ауызша және визуалды кері санауды және таймерлерді пайдаланыңыз;

Осы іс-әрекетті әрі қарай жалғастыру жөн бе, қалай шешу керек?

Өзіңден сұраңыз	Егер жауап “ЖОҚ” болса	Егер жауап “ИӘ” болса
Осы тапсырма балам үшін тым күрделі емес пе?	Баладан бірлесіп істеп жатқан іс-әрекетті жалғастыруын күтуге болады;	Егер балаңыз дамуы жағынан бұл іс-әрекетке әлі дайын болмаса, оны бала жағымсыз мінез-құлық көрсете сала бірден тоқтатпаңыз. Іс-әрекетті бала өзі немесе сіздің көмегіңізбен істей алатын іспен аяқтаңыз; Келесі жолы машықтанып жатқан дағдыны қалай оңайлатуға болатын және баладан не күтетініңізді қалай өзгертуге болатынын ойланыңыз;
Балама көмек керек пе?		Егер балаңыздың қолынан келмейді және оған көмек керек деп шешсеңіз, қажетті көмек көрсетіңіз;

26

ДЕМОНСТРАЦИЯ. 2-бөлім

Айтыңыз:	<ul style="list-style-type: none"> • Осы демонстрацияда біз баламен бірге біраз уақыт бойы текшелерден құрылыс жасаумен айналысқан жағдайды көрсетеміз. Артынша балам шаршап, кеткісі келді; • Бірақ мен осы істің жағымсыз мінез-құлықпен аяқталғанын қаламаймын; • Істі менің шарттарыммен аяқтауға тырысамын – кетер алдында бір текшені жинауды өтінемін; • Егер текшені өзі жинамаса, соны істеуге абайлап көмектесемін; <p><i>ҚАРАҢЫЗ және ТЫҢДАҢЫЗ, баланың жағымсыз мінез-құлқы қандай көрініс берді, оған ДЕЙІН не болды және одан КЕЙІН БІРДЕН не болды?</i></p>
Түсіндіріңіз:	<p><i>Есіңізге салайын, бірлесіп атқаратын іс үшін менің қазір не істеп жатқаным маңызды:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • баланың деңгейінде оған тура қарама-қарсы тұрамын; • баламның деңгейіне сай тілді пайдаланамын; • балаға қарым-қатынас жасауға кірісу мүмкіндігін беру үшін үзіліс

	<p>жасаймын және күтемін;</p> <ul style="list-style-type: none"> • баланың қарым-қатынас жасауға қатысты кез келген әрекетіне реакция көрсетемін: көзбен, ишарамен, дыбыспен, сөзбен; • іс-әрекетке арналған орын мен қажетті материалдарды алдынала дайындаймын: <ul style="list-style-type: none"> ○ біз ойнайтын үстел; ○ текшелер мен жануарлардың мүсіндері; ○ ойыншықтарды салып қоятын пакет немесе қорап;
Айтыңыз:	Іс-әрекетті тоқтатуға немесе одан қашып құтылуға бағытталған жағымсыз мінез-құлыққа тосқауыл болу үшін балаға түсінікті, бірізді және лайықты талаптарды қалай қою керек екенін көрсетеді;


Бала:	Текшені қояды;
Ересек:	«Біз құрылыс жасап жатырмыз!» Бірнеше текшені қояды.
Бала:	Қыңқылдайды, үстел басынан тұрып кетуге тырысады. Содан кейін бірнеше текшені жерге лақтырады;
Ересек:	«Жинау керек!» Текшелерді салатын пакетті көрсетеді.
Бала:	Қыңқылдайды, тағы бір текшені жерге лақтырады;
Ересек: КӨРСЕТЕДІ және АЙТАДЫ	«Жинаймыз!» Текшені пакетке салады.
Бала:	Елемейді;
Ересек: КӨМЕК БЕРЕДІ	Тек бір текшені қалдырып , қалғандарын тез жинап тастайды. Жылы үнмен, бірақ табандылықпен және сабырмен: «Жинаймыз!» Баланы қолынан ұстап, бір текшені пакетке салуға абайлап көмектеседі;
Бала:	Қыңырлық көрсетеді, ересекке көмектесуге рұқсат етпейді;
Ересек:	«Біз жинадық!» Қол шапалақтайды, күлімдейді.

	Жетелеуші сұрақтар:	Ата-аналардың ықтимал жауаптары:
?	1) Баланың жағымсыз мінез-құлқына ДЕЙІН не болды?	<ul style="list-style-type: none"> - Ересек және бала текшелермен ойнады; - Бәлкім, бала шаршап кетті және тоқтатқысы келді;
	2) Баланың жағымсыз мінез-құлқы қандай көрініс берді?	<ul style="list-style-type: none"> - Текшелерді жерге лақтырды;
	3) Баланың жағымсыз мінез-құлқынан КЕЙІН бірден не болды?	<ul style="list-style-type: none"> - Ересек адам баланың жағымсыз мінез-құлқын (текшелерді жерге лақтыруын) елемеді; - Ересек адам балаға қалай жинау керек екенін көрсету үшін «көрсету және айту» әдісін қолданды. Ересек адам ыбырсуды азайту үшін барлық дерлік текшелерді жинап, тек соңғы текшені балаға қалдырды; - Ересек адам жылы, сабырлы, табанды үнді пайдалана отырып, баладан не талап етілетінін түсінуге бірізді көмектесті; - Балаға соңғы текшені пакетке салуы үшін ересек көмектесті; - Ересек адам баланың әрекетіне (текшені салуға) жағымды реакция көрсетті және бала оның көмегімен соңғы текшені пакетке салғанда оны мақтады;
Буклеттің 20-бетіндегі ұсынысты қарайық.		

№4 ұсыныс

ЕГЕР БАЛАНЫҢ ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ ІС-ӘРЕКЕТТІ ТОҚТАТУҒА НЕМЕСЕ ОДАН ҚАШУҒА БАҒЫТТАЛСА, ОЛ ҮШІН ТҮСІНІКТІ, БІРІЗДІ ЖӘНЕ ЛАЙЫҚТЫ ТАЛАПТАР ҚОЙЫҢЫЗ

- **ТҮСІНІКТІ:** балаңыз түсінетін сөздерді пайдаланыңыз;
- **БІРІЗДІ:** әр кез сайын балаға тек бір ғана түрлі талап қойыңыз, қадамдарды бірте-бірте күрделендіріңіз;
- **ЛАЙЫҚТЫ:** балаңыздың деңгейіне сай істерді және әрекеттерді таңдаңыз;
- Егер іс-әрекет тым күрделі болса, ол бас тартуы немесе кетіп қалуы әбден мүмкін:
 - Іс-әрекетті бала үшін едәуір оңай және көңілді етіңіз: көмектесіңіз, мақтаңыз, әндетіңіз, орынды жайлы етіңіз, іс-әрекет үшін ыңғайлырақ уақыт таңдаңыз;
- Егер іс-әрекет тым оңай болса, баланың зерігуі және кетіп қалуы әбден мүмкін:
 - Материалдарды әртүрлі етіп немесе жаңа қадамдарға үйретіп, іс-әрекетті ол үшін едәуір қызықты етіңіз;



8. БАЛАНЫҢ СЕЗІМГЕ БӨЛЕНУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ (10 МИНУТ)

Түсіндіріңіз:

- Кейде БАЛАНЫҢ ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ БЕЛГІЛІ БІР СЕЗІМДЕРГЕ БӨЛЕНУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН – дене арқылы сезіну (жанасудан), дәмдік немесе дыбыстық;
- Сезімдерге бөлену кейбір балаларға сабырлы, жинақы және үйренуге дайын күйде қалу үшін мазасыздықты азайтуға және өзін тізгінде ұстауға көмектеседі;
- Кейбір балалар көбірек сезімге бөленгенде өздерін сабырлы сезінеді:
 - мысалы, заттарды аузына салады, заттарды бір қатарға қойып алып, оларға қарап отырады, басқа адамдардың немесе заттардың тарапына өз денесіне қысым түскенін сезінгісі келеді, т.б;
- Кейбір балалар керісінше өте сезімтал болуы мүмкін, оларға артық сезімдер кедергі келтіреді:
 - мысалы, оларға қатты шу немесе терісіне кейбір маталардың жанасқаны ұнамайды;
 - мұндай жағдайда жағымсыз мінез-құлықтың себебі сезімді **тоқтату немесе одан қашып құтылу** болады;
- Сезімге бөленуге бағытталған мінез-құлық автоматты түрде марапатталады:
 - бұл мінез-құлықтың өзі балаға іздегенін береді дегенді білдіреді;
- Кейбір балалар сезімдерге басқа балаларға қарағанда басқаша бөленеді:
 - Олар жанасудан (қысым), көзқарастан (көру арқылы) немесе дыбыстардан (есте арқылы) келетін белгілердің жоғарырақ деңгейіне талпынуы мүмкін;

Баланың сезімге бөленуге бағытталған жағымсыз мінез-құлықна қалай дұрыс реакция көрсету керек?

Алдымен өзіңізден сұраңыз:

- осындай мінез-құлық баланың үйрену қабілеті үшін ҚАУІПТІ, ОРЫНСЫЗ НЕМЕСЕ КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕ МЕ?
 - егер «ЖОҚ» деп жауап берсеңіз – онда сіз үшін бұл бірінші кезектегі міндет емес;
 - егер «ИӘ» деп жауап берсеңіз – сізге осымен жұмыс жасау керек;

Сіздің мақсатыңыз:

- 1) бала «салқын» күйден «жылы» (сары қатарда болғанда) күйге көшкенде жағымсыз мінез-құлықтың алғашқы белгілері пайда болған кезде оған ҚАЖЕТТІ СЕЗІМГЕ ОРЫНДЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ жолмен БӨЛЕНУ МҮМКІНДІГІН беру керек немесе;
- 2) оған лайықты «ОРЫНБАСУШЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ» түрін таңдауға көмектесу керек:
 - Орынбасушы мінез-құлық – бала дәл сол сезімге бөленетін, бірақ жағымсыз мінез-құлыққа қарағанда әлдеқайда қауіпсіз және орынды болатын әрекет;

- Орынбасушы мінез-құлыққа қарым-қатынас жасау дағдылары кіреді;
- Бала бірлескен іс-әрекеттен және қарым-қатынас жасаудан ләззат алса және шынымен қызыға қатысса, сезім іздеуге бағытталған жағымсыз мінез-құлық көбінесе тоқтайды. Бірақ жалғасуы да мүмкін;

Көбінесе өзі марапат әкелетін мінез-құлықты өзгерту қиын болады



ОРЫНБАСУШЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ мысалдары



Матаны сезінуді ұнататындықтан, бала бөтен адамның киімін ұстауға тырысады:

- балаға ұстағысы келетін матаның кесіндісін беріңіз;
- балаға сөздердің немесе ым-ишараның көмегімен мата кесіндісін

сұрауды үйретіңіз;

- егер сол дағдыны (мата кесіндісін сұрауды) үйренсе, өзін қажетті сезіммен марапаттайды;

Бала еденде жатқан лас немесе қауіпті заттарды теріп, кеміреді:

- пластик түтікті қармақ жібіне немесе жіңішке жіпке кигізіп, «моншақ» жасаңыз;
- баланы еденнен алған лас заттардың орнына «моншақты» кеміруге үйретіңіз;

Жағымсыз мінез-құлықтың себебі сезімге бөлену екенін қалай түсінуге болады?

Ол үшін келесі әдісті қолдану керек:

- 1) Баланы түсіну үшін ҚАРА және ТЫҢДА;
- 2) Жағымсыз мінез-құлыққа ДЕЙІН не болғанын ҚАРА және ТЫҢДА, талда:
 - бәлкім, бала тым ұзақ айналысып жатыр және үзіліс болмаған шығар?
 - бәлкім, ол қатты немесе жаңа дыбысқа, иіске немесе көру

	<p><i>бейнесіне тап болған шығар?</i></p> <ul style="list-style-type: none"> ○ <i>бәлкім, жағымсыз мінез-құлықтың айқын себебі мүлдем жоқ шығар?</i> <p>ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНЫҢЫЗ:</p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Жағымсыз мінез-құлыққа ДЕЙІН, БАРЫСЫНДА және КЕЙІН БІРДЕН не болатынын ҚАРА және ТЫҢДА, талда;</i> • <i>Баланың айналасындағы ортаны талдаңыз:</i> <ul style="list-style-type: none"> ○ <i>Бірлесіп атқарып жатқан іске қызығушылығын жоғалтып алмай, бала үшін қажетті сезімге бөлену мүмкіндігін тудырыңыз. Мысалы, егер балаға терең қысым сезімі қажет болса – қабырғаға немесе жиһазға арқасын тақап отыратындай етін жайғастырыңыз;</i> • <i>Бала үшін «тым қызықты» заттарды алып тастаңыз. Оларға қарау немесе ұстау арқылы балалар өздеріне қажетті сезімдерді іздейді. Заттарға «тұқырып қалуы» бірлесіп атқарып жатқан іске қызыға қатыса беруіне кедергі келтіреді;</i> • <i>Бала қажетті сезімдерге қауіпсіз және орынды жолмен бөленуі үшін үзіліс жасауға арналған лайықты уақыт таңдаңыз;</i> • <i>Баланы сезім іздеудің орнына пайдалана алатын жаңа дағдыға (орынбасушы мінез-құлыққа) үйретіңіз;</i> • <i>Қажет болса, сабақтан кейін немесе үйге бару кезінде маманмен кеңесіңіз;</i> <p><i>Ата-аналарға арналған буклеттің 22-бетіндегі ұсынысты қарайық.</i></p>
--	--

№5 ұсыныс

БАЛАҒА СЕЗІМГЕ БӨЛЕНУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ АЛМАСТЫРУ ҮШІН ҚАУІПСІЗ ЖӘНЕ ОРЫНДЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ҮЙРЕТІҢІЗ

- **Өзіңден сұраңыз:**
 - мұндай мінез-құлық балама қауіп төндіре ме?
 - мұндай мінез-құлық балама оқуға және үйренуге кедергі бола ма?
 - мұндай мінез-құлық орынды ма?
- Егер осы сұрақтарға «Жоқ» деп жауап берсеңіз – бұл сіз үшін басты міндет емес, баланың басқа жағымсыз мінез-құлық түрлеріне зейін қойыңыз;
- Егер осы сұрақтарға «Иә» деп жауап берсеңіз – өзіне қажетті сезімдерге бөлену алуы үшін балаға қауіпсіз және орынды мінез-құлықты үйретіңіз. Мұндай мінез-құлық жағымсыз мінез-құлықтың орнын басады;
- Балаға өзі мұқтаж сезімдермен бөлісуді және сөздер мен ым-ишараны пайдалану арқылы сұрауды (мысалы, өзін құшақтауды сұрауды, т.б.) үйретіңіз;

Матаны ұстағанды ұнататындықтан, бала бейтаныс адамның киімін ұстайды;



Оның орнына балаға мата кесіндісін ұстатыңыз және сол туралы сөздер мен ым-ишараны пайдалану арқылы сұрауды үйретіңіз;

Қосымша ақпарат

- «Шайнайтын моншақ» немесе «шайнайтын білезік» жасау үшін қармақ жібіне немесе жіпке кигізілген пластик түтігінің бір бөлігін пайдаланыңыз. Таза медициналық түтікшелерді пайдалануға болады. Мойынға тағу және кеміру ыңғайлы болуы үшін «моншақтардың» ұзындығы жеткілікті болуы тиіс. Түтікше зақымдалып, бала оның бөлшектерін жұтып қоймауын қадағалаңыз;
- Нәжисін жағып тастайтын балаларға келсек, балаға қауіпсіз, дәл сондай сезімдер тудыратын зат, мысалы, нан немесе қырынуға арналған крем беріңіз;
- Қолдарын тістелейтін балаларға шайнайтын білезік сыйлаңыз;

Өзіне немесе өзгелерге зақым келтіретін (мысалы, өздерін немесе басқаларды тістейді, өз басын барып ұрады, терісін шұқылайды, т.б.) балаларды мамандарға жіберіңіз.

9. ЖАТТЫҒУ: ҮЙ ПРАКТИКАСЫН ЖОСПАРЛАЙМЫЗ

ӨЗІМНІҢ ҮЙ ПРАКТИКАМДА МЕН БАЛАНЫҢ ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА ҚАТЫСТЫ ҚАЛАЙ ӘРЕКЕТ ЕТЕМІН. ЖҰПТЫҚ ЖҰМЫС. (25 минут)

Буклеттерді жинап алыңыз. Жадынаманы таратыңыз.

Естеріне салыңыз, жадынамада (7-сабақ) ата-аналар бүгін зерделеген барлық негізгі хабарламалар мен ұсыныстар топтастырылған.

Ата-аналарға және отбасы мүшелеріне жадынаманы үйде пайдаланған ыңғайлы болады.

Жұптық жұмысты түсіндіріңіз

Қазір біз бүгінгі сабақтың дағдыларын нысықтау үшін және үй практикасына дайындалу үшін жаттығамыз.

Сіздер өзара талқылап, осы ұсыныстарды үйде қалай пайдаланатындарыңызды көрсетулеріңіз керек. Біз екі топқа бөлінеміз.

Әр ата-ана өз тобынан серіктес таңдап, келесілерді талқылауы тиіс:

- *Баланың қандай жағымсыз мінез-құлқы сіздің мақсатыңызға жатады және онымен қалай жұмыс жасауды жоспарлап отырсыз?*
 - *Үй практикасынан алынған баланың жағымсыз мінез-құлқы туралы ойлаңыз;*
 - *Баланың айналасындағы орта қалай ұйымдастырылды және жағымсыз мінез-құлқтың пайда болу қатерін қалай азайтасыз?*
 - *Бала жағымсыз мінез-құлық көрсетіп жатқанда сіз не істедіңіз?*
 - *Егер жағымсыз мінез-құлық жалғасса, оны азайту үшін не істейсіз?*

Ол үшін «Тудырған себебіне қарай баланың жағымсыз мінез-құлқына ересек адамның реакция көрсетуінің төрт мақсаты» кестесін қараңыз.

	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Ата- аналардың жұмыс дәптерінде 21-бет бар, сонда келесілерді жаза аласыз:</i> <ul style="list-style-type: none"> ○ <i>баланы қатыстырғыңыз келетін бірлесіп атқаратын үй шаруасы;</i> ○ <i>азайтқыңыз немесе жойғыңыз келетін жағымсыз мінез-құлық;</i> ○ <i>баланың жағымсыз мінез-құлқына қатысты сіздің реакция көрсету жоспарыңыз;</i> <p><i>Кезектесіп бала мен ата-ана рөлін ойнап, жаттықтырыңыз. Жағымсыз мінез-құлыққа ДЕЙІН не болатынын, ол қандай көрініс беретінін және сіз оған қандай реакция білдіретініңізді көрсетіңіз.</i></p> <p>Жұптық жұмыс аяқталғанда топта талқылау өткізіңіз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Баланың жағымсыз мінез-құлқына реакция көрсету жоспарыңыз қандай болады:</i> <ul style="list-style-type: none"> ○ <i>Ештеңе етпейді, бәрі бірден қолыңыздан келмейді!</i> ○ <i>Балаңыздың мінез-құлқын мұқият бақылайтын боласыз;</i> ○ <i>Не көргеніңізге қарай жоспарыңызды өзгерте аласыз;</i> • <i>Балаңызды жағымсыз мінез-құлық көрсетуге арандататын факторларды қалай азайтасыз?</i> <p><i>Мамандар сіздерге жақындап, әр істі бірге істейтін болады.</i></p>
--	--

ШАҒЫН ТОПТАРДА ТОПТЫҚ ТАЛҚЫЛАУ



	<p>Жетелеуші сұрақтар қойыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • <i>Күнделікті істердің қандай сәттерінде бала жағымсыз мінез-құлық көрсетеді?</i> <ul style="list-style-type: none"> ○ <i>Жағымсыз мінез-құлық орын алатын қандай қадам?</i> ○ <i>Бір істен екіншісіне көшкен сәтте ме?</i> ○ <i>Іс аяқталған сәтте ме?</i> • <i>Жағымсыз мінез-құлық орын алғанда сіз не істейсіз:</i> <ul style="list-style-type: none"> ○ <i>Нұсқау бересіз бе, әлде талап етесіз бе?</i> ○ <i>Көмек көрсетудің төрт деңгейін пайдалана отырып, көмек көрсетесіз бе?</i> ○ <i>Жай ғана іс-әрекетті тоқтатасыз ба?</i> ○ <i>Балаға сүйікті затын бересіз бе?</i> ○ <i>Сезімді күшейтесіз бе, әлде жойып жібересіз бе?</i>
--	--

<p>Осы жаттығу кезіндегі сіздің әрекеттеріңіз</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Жұптар талқылап жатқанда әр жұпты аралап шығыңыз; • Әр ата-анадан сұраңыз: <ul style="list-style-type: none"> ○ Қандай жағымсыз мінез-құлықтан құтылғыңыз келеді? ○ Ондай мінез-құлық қашан орын алады? ○ Мінез-құлыққа ДЕЙІН не болады? ○ Мінез-құлықтан КЕЙІН бірден не істейсіз? ○ Қалай ойлайсыз, балаңыздың жағымсыз мінез-құлқының себебі неде? ○ Баланың қыңыр мінезіне қандай реакция көрсетесіз? • Әр ата-анаға сындарлы кері байланыс беріңіз; • Пікірталасты жандандырып, сұрақтарға жауап беріңіз; • Әрекетті ауыстырғыңыз келетінін 1 минут бұрын ескертіңіз. Мысалы, «біз талқылауды бастауға дайынбыз (немесе «рөлдермен алмасуға дайынсыздар ма?»), («кімнің алып-қосары бар?»);
--	---

<p>Үй практикасын түсіндіріңіз:</p>	<p><i>Ата- аналардың жұмыс дәптерінің 22-бетін ашыңыз.</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • Балаңызбен бірге айналысатын немесе балаңызды қатыстыратын 2 үй шаруасын таңдаңыз; • Ол бұрын істеген іс немесе басқа іс болуы мүмкін. Күнде айналысатын істі таңдаңыз; • Бірдеңені бірге істеген сайын баламен 5 минут өткізуді жоспарлаңыз; • Оның қарым-қатынас жасайтын кездерін байқаңыз және реакция көрсетіңіз; • Жағымсыз мінез-құлық көріністерін және ескертуші белгілерін байқау үшін ҚАРАҢЫЗ ЖӘНЕ ТЫҢДАҢЫЗ; • Жағымсыз мінез-құлық көріністері пайда болғанға ДЕЙІН не болатыны туралы ОЙЛАНЫҢЫЗ; • Қыңыр мінез-құлыққа реакция көрсету үшін бүгін жасаған жоспарды пайдаланыңыз;
--	---

10. САБАҚҚА ШОЛУ ЖАСАУ (10 минут)

Ата-аналармен бірге негізгі хабарламаларға және ұсыныстарға шолу жасауды қайталаңыз (5 минут)

№1 негізгі хабарлама

БАЛАҢЫЗДЫҢ ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ СЕБЕБІН АНЫҚТАҢЫЗ:

ҚОЛ ЖЕТКІЗУ, КӨҢІЛ АУДАРУ, БІРДЕҢЕДЕН ҚАШУ НЕМЕСЕ СЕЗІМГЕ БӨЛЕНУ ЖӘНЕ СОЛ СЕБЕПКЕ ҚАНДАЙ РЕАКЦИЯ КӨРСЕТЕТІНІҢІЗДІ ШЕШІҢІЗ

№1 ұсыныс	№2 ұсыныс	№3 ұсыныс	№4 ұсыныс	№5 ұсыныс
Балаңызға күнделікті істерді атқару ретін түсінуге көмектесу үшін және жағдайды бақылауда ұстау үшін суреттері бар графикті пайдаланыңыз ;	Егер баланың жағымсыз мінез-құлқы қалаған затына қол жеткізуге бағытталған болса, оған сөздер мен ым-ишараны пайдалануды үйретіңіз;	Егер баланың мінез-құлқы өзіне көңіл аударуға бағытталса, ол үшін қауіпсіз болғанда ғана сондай мінез-құлқын көзге ілмеңіз;	Егер баланың жағымсыз мінез-құлқы іс-әрекетті тоқтатуға немесе одан қашуға бағытталса, ол үшін түсінікті, бірізді және лайықты талаптар қойыңыз;	Балаға сезімге бөленуге бағытталған жағымсыз мінез-құлықты алмастыру үшін қауіпсіз және орынды мінез-құлықты үйретіңіз;

36

Меңгерілген дағдылар бойынша қорытынды жасаңыз.

Дағдыларға шолу жасау (5 минут).

?	<ul style="list-style-type: none"> Өз отбасыңыз үшін қай ұсыныстарды ең маңызды деп санайсыз? Білгеніңізді қалай пайдалануды жоспарлап отырсыз? Қандай да бір басқа ойларыңыз бар ма? Сұрақтарыңыз бар ма?
Ата-аналарды бір-біріне жауап беруге ынталандырыңыз.	

Түсіндіріңіз:	<ul style="list-style-type: none"> Сегізінші сабақта балаңызға күнделікті өмірдегі дағдыларды игеруге қалай көмектесе алатыныңыз туралы айтатын боламыз. Сабақ _____ болады. Егер қандай да бір себеппен келесі сабаққа қатыса алмасаңыз, 9-шы сабаққа келіңіз. Сізге өткізіп алған материалды меңгеруге көмектесу үшін 15 минутқа ерте келіңіз. Өтінемін, келесі сабаққа практикада жұмыс жасауымыз үшін үйде пайдаланатын кейбір материалдарды ала келуге тырысыңыз.
----------------------	--

**ҚОСЫМША ЖАТТЫҒУ:
СУРЕТТЕРІ БАР ГРАФИКТЕРДІ ЖАСАУ (15 МИНУТ)**

- Мамандар ата-аналарға баласымен бірлесіп атқаратын істе пайдалануды жоспарлап отырған бірнеше қадамнан тұратын бір нақты күнделікті істің жекелеген қадамдарының суреттері бар графикті жасауға көмектеседі;
- Мамандар әр қарыс қадамның белгілемесі ретінде қандай белгілерді/суреттерді/ символдарды пайдаланатынын шешуге көмектеседі:
 - Символдарды қалай алуға болады (телефонға суретке түсіріп алу, қағазға суретін салып алу);
 - Графикке қанша қадам салу керек?
- Мамандар ата-аналарға баласымен бірге бірнеше қадамнан тұратын күнделікті істі орындау кезінде суреттері бар графикті пайдалануды үйренуге көмектеседі.